



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ҚОРҚЫТ АТА ХИКАЯЛАРЫНЫҢ КЕЙІПКЕРЛЕР ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ӘДЕБИЕТІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

Рысқұл Элеонора Набатбекқызы

nora181096@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Түркітану кафедрасының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент А.А.Жалмырза

Кейбір зерттеулерге қарағанда, Қарақожа ұлы Қорқыт Ата қазіргі Қызылорда облысы, Қармақшы ауданына қарасты Сырдария өзенінің төменгі жағасында, Жаңакент (Иеникент) қаласында (VIII—IX ғ. ғ.) өмір сүрген. “Қорқыт” сөзінің этимологиясын Ә.Қоңыратбаев “құтты адам, құт әкелетін адам” деп көрсетсе [1, 13], С.Қасқабасов “өмір сарқылды, адам өлді” деген мағынаны білдіреді деп санайды [2, 85]. Е.Тұрсынов түркі халықтарының фольклорына сүйене отырып, “дада, деде” деген сөздерді “насихат айтушы жырау” деп түсіндіреді [3, 89]. Өз халқының, бақыты үшін “Жер ұйығын” іздеп, көптің мүддесін көздеген Қорқыт Ата – өз дәуірінің ойшылы болған адам. Бұл жаңа қала Сыр өзенінің Арал теңізіне күйылар жерінде тұрғандықтан, қазақ халқы оны “Су аяғы — Ер қорқыт” деп те атаған. Тарихи жазба мәліметтер мен халық шежіресі бойынша Қорқыттың әкесі Қарақожа оғыз тайпасына жататын Баят дейтін рудан шыққан, ал шешесі қазақ құрамына кіретін қыпшақ қызы, оның туған жері қазіргі Қостанай облысының Аят өзені. Қорқыт ата — қобыз атасы деп табылады, композитор, жыршы, ақын, музыкант, бақсылардың қамқоршысы. Ол өмір сүрген оғыз тайпасы туралы зерттеулер де баршылық. Солардың қатарында С.Г.Агаджановтың “Сельджукиды и Туркмения в XI XII вв.” атты зерттеуінің орны ерекше. Ғалым оғыздардың IX-X ғасырлардағы тарихына тереңдеп, олардың этногеографиялық қозғалыстарын анықтаған. Көне түркі дәуірінде Алтайды мекен еткен оғыздарды YII-YIII ғасырларда Жетісу жерінен, IX-X ғасырларда Сырдың төменгі ағысынан, X-XI ғасырдан бастап Әмудария (түрікмен) шегі, Қара теңіз аймағынан (әзербайжан) және Анадолы жерінен (Түркия) көреміз. Қорқыт ата түрік дәстүрін, салтын, әдетін, сенімдерін, басқа халықтардан айырмашылығын, қысқасы, қоғамдық мінездемесін хикаяларында көрсеткен, оны бүгінге дейін әдемілеп жеткізген ұлы өнерпаз. Туған, қайтыс болған жылдары белгісіз. Өмір сүрген ғасыры да даулы. Кейбір зерттеушілер оның Әзірет Пайғамбар заманында жасағанын айтады және ғылыми еңбектерінде бұл пікірді дәлелдейтін дастан бөлімдерін келтіреді. Ал кейбір зерттеушілер Қорқыт Атаның Оғыз түріктерінің ертекісі және дастаншысы болғанын айтып, Қорқыттың бүгін қолымыздағы 12 дастан-хикаясынан пікірлерін дәлелдейтін деректер келтіреді.

Пертев Найили Боратов Қорқыт Ата ертегілері жөніндегі Ислам Энциклопедиясына жазған мақаласында хикаялардың XV ғасырға дейін ауызша болып келгенін, ал XV ғасырдың екінші жартысында Аққойынлылар тарапынан жазылып алынғанын еске түсіріп, қолымыздағы бар мәтіндерде екі бөлек дәуірдің оқиғалары бейнеленгенін көрсетеді [4, 90].

Әзірбайжан жазушылар одағының хатшысы Анар Рзаев «Қорқыт ата кітабына» «Түркі халықтарында Шекспирге тең келетін драматург, Толстой мен Достоевскийге тең келетін романшы жоқ болса, ағылшындар мен орыстарда көлемі, көркемдік маңызы мен мәні жағынан „Қорқыт ата кітабына“ сай келетін эпос жоқ», - деп баға береді. Ал, Түркияда Қорқыт ата туралы мәліметтер көптеген тарихи кітаптарға енген, «Қорқыт ата кітабы» мектеп бағдарламасында оқытылады. Түрік тілі мен өнерін зерттеуге көп уақытын бөлген түріктің жазушы-түркологы Фуад Капрюлу: «Егер бүкіл түрік әдебиетін таразының бір басына қойып, екіншісіне „Қорқыт ата кітабын“ қойса, соңғысы басып кететіні сөзсіз», - деді. Бұл тек түрік әдебиеті үшін ғана емес, жалпы түркі әлемі үшін-де Қорқыт ата мен оның мұрасының қаншалықты маңызды екендігін көрсетеді.

Қазіргі заманда түркі халықтары арасында Қорқыт Ата дастаны кең тараған. Қорқыт Атаның біздің заманымызға дейін жеткен 12 хикаясы бар. Олардың сегізі ішкі және сыртқы

соғыстар туралы. Екеуі ғашық оқиғалары жайында болса, екеуі мифологиялық сипатта. Бірақ бәрі де түркі дүниесін шын сипатында көрсетеді [5, 13]. Түркі қауымының қаһармандығы, мәдениетін, мінезін, діни әдеттерін және тұрмыстарын ашып береді. Қорқыт Ата хикаялары – түркі мифологиясының қайнар көзі.

Қорқыт ата кітабы осы күнге дейін Дрезден қаласында он екі жырдан тұратын қолжазба күйінде және Ватиканда алты жырдан тұратын қолжазба күйінде сақталып келеді. Қорқыт ата кітабын VIII ғасырларда және одан да бұрын туған аңыздардың жинағы деуге болады. Оларды жыр түрінде жазған – Қорқыт ата. Кітапта қазақ халқының құрылуына тікелей қатысы бар, тарихта белгілі оғыз тайпаларының тағдырына байланысты оқиғалар баяндалады.

Хикаяларда ерлік, әділдік, адамгершілік, ата-ананы құрмет тұту, уәдеде тұру сияқты ізгі қасиеттер айтылады. Оның қаһармандары қорқақтық пен опасыздыққа, әдепсіздік пен сарандыққа қарсы күреседі. Қорқыт ата кітабының қаһармандары мен олардың бастан кешкен оқиғалары осы идеяларды аша түседі. Жырлардың тең жартысынан астамы Қазан бектің ел қорғаған ерлігін, ел-жұртқа жасаған ізгілікті істерін жырлауға арналған. Ерлерше қару асынып, жаумен тайсалмай соғысқан Қазан бектің әйелі Бөрілі сұлу және оның ұлы Ораз ел басқарған Баяндыр хан, Дерсе хан, оның баласы Бұқаш, т. б. кейіпкерлер ерлікпен бірге ізгілік те танытады. Қорқыт айтқанда, Қорқыт ата кітабы — әр түрлі жырлардың жинағы болса да, ерлік жасау мен ізгілік көрсетуді біртұтас өріп отырады. Қорқыт ата кітабында тәрбиелік құнары мол қанатты сөздер көптеп ұшырасады. Мысалы: Жер қадірін ел біледі, ел қадірін ер біледі; Құлан құдыққа құласа, құрбақа құлағында ойнайды; Ат қиналмай жол шалмас; Көңілі пасық ерде дәулет болмас; Қар қаншама қалың жауғанмен — жазға бармас.

«Қорқыт ата кітабы» әдеби ескерткішінен Қорқыт атаның Оғыз мемлекетінде билік құрған оғыз тайпасынан шыққандығын білуге болады. Оны Ш. Ш. Уәлиханов қазақтың алғашқы шаманы, алғашқы ақыны деп атайды. Қорқыт жайындағы аңыз әңгімелер Ә. Науаи арқылы белгілі болып, түркі халықтары, әсіресе қазақтар арасында кең тарады.

Қорқыт ата кітабы мынадай жырлардан тұрады:

1. Дерсеханұлы Бұқаш туралы жыр;
2. Қазансалар ауылына жау қалай шапқаны туралы жыр;
3. Байыс - Байреке, Байбөрі ұлы туралы жыр;
4. Қазанбек ұлы Оразбек қалай тұтқынға түскені туралы жыр;
5. Домруыл, Доқа Қожа (қажы) ұлы туралы жыр;
6. Қаңлы Қожаұлы Қантөрелі туралы жыр;
7. Қазылеке Қожаұлы Жүгенек туралы жыр;
8. Бисат қалай жалғыз көзді дию Төбекөзді өлтіргені туралы жыр;
9. Бегила баласы Әмрен туралы жыр;
10. Үйсін Қожаұлы баласы Секрек туралы жыр;
11. Салар Қазан қалай тұтқынға түсті және оны ұлы Ораз қалай босатқаны туралы жыр;
12. Сыртқы оғыздар ішкі оғыздарға қарсы соғысқаны туралы және Бамса - Байрақ қалай мерт болғаны туралы жыр [6].

Кітап кейіпкерлеріне Бамса - Байрақ, Қара - Көне, Қара Бодақ, Қан Төрәлі, Қазан - Салор, Құлбаш, Оқшы, Ораз, сондай - ақ Аруз, Әмен, Әмран, Бекұлы, Бисат, Дүлек Боран, Дондаз, Қиян Селжүк, Қанды, Қанық хан, Рүстемдер жатады. Жырдың бас кейіпкері – Қорқыт. Ол оғыз елінің ақылшысы, данасы, үлкен жырау. Оның есімі көптеген түркі тайпаларына ортақ, тарихи этникалық атауы да айқын.

Әзірбайжан және түркмен халықтарында Қорқыт ата кітабында барлық хикаялар сақталған деп айта аламыз. Қазақтарда Қорқыт ата есімі сақталған. Сонымен қатар қазақ әдебиетінде Алпамыс батыр жыры ерекше орын алады. Алпамыс батыр жыры өзбектерде «Алпомиш», башқұрттарда «Алпамыш», татарларда «Алпамша», алтайлықтарда «Алып-Манаш». Кейіпкерлері де, оқиға желісі де бірдей. Сондықтан да олардың қай-қайсысы да «Алпамыс» өзімдікі деп, өз тілдерінде жырлайды. Ұлттар мен ұлыстарға бөлінбей тұрғанда

дүниеге келген бұл шығарма түрік тектес тайпалардың біразына ортақ екені даусыз. Қырғыз халқының «Манас» жырындағы бас кейіпкер Манасты Қорқыт ата кітабының кейіпкері Бамсымен байланыстыруға болады. Қорқыт ата хикаяларын зерттегендер орасан көп. Солардың арасынан Стамбул университетінің профессоры Оркан-Шайық Гокяйды ерекше айтамыз. Оның айтуынша, Қорқыт кітабындағы ұлы бейне Байбөрі ұғлы Бамсы Берік. Бұл есім қазақ, қарақалпақ, өзбек жыршылары айтатын «Алпамыс» атымен тығыз байланысты. Демек, ертеректегі толық аты Алып Бамсы, қысқартып айтылғаны Алпамыс болу керек. Тарихи дәуірлерде Алпамыс Сыр бойында мекендеген тайпалар үздіксіз айтып жүрген «Қорқыт» жырының бір тарауы болған. Кейін өз алдына жеке бір ұлы эпосқа айналған [7].

Осы себепті «Қорқыт ата кітабы» түркі халықтарын зерттеуде үлкен рөл атқарады. Жоғарыда аталған жырлардың желісі ұқсас болып келеді. Оған бірнеше мысал келтіруге болады:

1. Түркі халықтарында ат ерекше бағаланған. Ол иесінің адал досы, көмекшісі болып саналған. Бамсының жылқысы Боз Айғыр, Алып-Манаштың жылқысы Ак-Боз, Алпамыстыңкі Шұбар, Алпомиштыңкі Байчыбар. Жылқылардың сипаттары өте ұқсас.

2. Кейіпкерлердің әкелерінің есімдері бір-біріне жақын. Бамсының әкесі Пай Пуре, Алып-Манаштың әкесі Байбарак, Алпамыстың әкесі Байбөрі, ал Алпомиштің әкесі болса Байбури. Барлығының есімдері бай сөзінен басталады.

«Қорқыт ата кітабында» суреттелетін оқиғалардың сюжеттік желісі, эпизодтардың көбі түркі тектес халықтардың көпшілігінің ауыз әдебиетіндегі эпостық жырларда кездесіп отырады. Мұның басты себебі түбі бір туыстықтан болса, сонымен бірге тұрмыс-тіршіліктің, арман-мақсаттардың бірлігінен, жүріп өткен тарихи жолдың ұқсастығынан болса керек. Мұндай ұқсастықтарды қазақ эпосынан да жиі кездестіруге болады. Мысалы, қазақтың «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Қырымның қырық батыры» сияқты жырлары мен «Қорқыт ата кітабы» арасынан батырлар бейнесінің сомдалуы, оқиғалардың суреттелуі, негізгі идеялары тұрғысынан көптеген ұқсастықтарды көреміз [8].

«Қорқыт Ата кітабы»- бүкіл түркі тілдес халықтарға ортақ аса көрнекті жазба ескерткіші. Бұл еңбекте тәлімдік мәні күшті афоризмдер, қанатты сөздер мен тағылымдық-танымдық идеялар, өсиет сөздер көптеп кездеседі. Кең даланы еркін мекендеп, салтанатты, салауатты өмір кешкен көшпенділер “Адамзат өмірінің мәні неде?” деген философиялық мәселеге ұрпақтар сабақтастығы адамзат тіршілігінің мақсаттарының бірі екендігі туралы түсінікке әкеліп салған. Қорқыт Ата мұрасындағы адам мәселесі, оның өмір сүру қағидалары, мақсат-мұраттары және қоғам мен ұлттық болмыс хақындағы әлеуметтік-тұрмыстық толғаныстарына алып келеді. Онда халқының болашағы, жалпы адамгершілік құндылықтар мен қасиеттерді сақтау, тәлім-тәрбие, ата салтын, дәстүрін құрметтеу мен қастерлеу мәселелері өз болды. Қорқыт Атаны жалпы түркі халықтарының мәдени-дәстүрінің негізін салушылардың бірі деп қарастыруға болады.

Қорыта айтқанда, Қорқыт – түркі әлемінен шыққан ұлы ойшылдардың бірі. Қорқыттың артында қалған рухани мұрасы, сонымен бірге оның атына қатысты түрлі аңыз-әңгімелер тек түркі халықтарының ғана емес, күллі адамзат баласының болашағына қызмет ететін рухани асыл қазына.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қоңыратбаев Ә., Байділдаев М. Қорқыт ата кітабы. – Алматы: Жазушы, 1986.
2. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы : Ғылым, 1984. - 272 б.
3. Қоңыратбаев Ә. Ежелгі жыр-аңыздар. – Алматы, 1985.
4. Эргин М. Книга Деда Коркут. – Анкара: ТДК Издательство, 1997.
5. Сугирбаева М. Кто ты, Коркут ата? // Страна и мир. 2013, № 20(515).
6. Бартольд В. В. Турецкий эпос и Кавказ // Книга моего деда Коркута. Огузский героический эпос. – М. - Л.: Изд-во АН СССР, 1962, С. 109-121.
7. Марғұлан Ә. Қорқыт ата-қазақ халқының аңызы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999.

ӘОЖ 1:396(574)

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӘДЕП- ҒҰРЫПТАҒЫ ӘЙЕЛДІҢ РӨЛІ

Сүйеубекова Улзия Салдарқызы

zika_83@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Түркітану кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – доктор PhD, доцент А.Б.Шалдарбекова

Қазақстан тәуелсіздігін алып жеке дара экономикасы дамып келе жатқан, ішкі сыртқы саясаты барынша алға жалжыған, барыс елдерінің қатарына қосылу үшін талпынып келе жатқан елімізде жүзден аса ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүріп, өздерінің мәдениетін дамытып, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін берік сақтап отыр. Қазақ, қырғыз, өзбек, ұйғыр жалпы мұсылман қауымның әдет-ғұрыптары бірдей болмаса да, ұқсас келеді. Мысалы, түркі тілдес халықтар секілді түріктер де туыстық жақындықты әке жағынан есептейді. Жүзге, руға бөліну оларда жойылып кетті дегенмен, үш төрт ұрпақ өтіп кетсе де кейбір әулеттер өздерін Надир балалары, Али балалары т.б деп атайды. Түріктерде ер адамдар әйел адамдардан әрдайым жоғары тұрады. Ұл балаларға кішкентай кезінен бастап санасына «Сен ер жігітсің, әйел затынан қай кезде де жоғары тұрып, өз артықшылығыңды біліп жүр» деп үйретеді екен. Жоғары болу дегендері ұрып соғуды емес, әрдайым қорғап қолдап, қамқор болуды, әйелдердің нәзік жанды келетіндігін меңзейді. «Cennet annelerin ayaklarin altindadir», яғни Жәнәттың кілті аналарымыздың аяғының астында деген мақалды әрбір түрік жадында ұстап, төрт ұйқысын төрт бөлген ана сүтін ақтауға, әжесі мен апасын, әпкесі мен қарындасын құрметтеп, аялап, сыйлап өтуді парыз санайды.

Үлкенге ізет, кішіге міндет» демекші, түріктердің жасы үлкені кішіге ақыл айтып, дұрыс жол нұсқайды, ал кішісі тыңдап, үлкенге ізет көрсетеді. Тарихтан түріктердің лауазымы мен қызметіне, тұрмыс жағдайы мен қоғамда алатын орнына қарай паша, хазретлери, бей, шейх, эфенди, аға, ханым деп атау дәстүрі бар екендігін білеміз. Алайда, кемалистердің қолдауымен «бай» деп ер адамдарға,, «баян» немесе «ханым» деп әйелдерге айтылатын жаңа сыпайы атаулары ұсынылған. Қазіргі таңда түріктер ұғымында «бей, мырза, эфенди» т.б. атаулар әл-ауқатымен, ақыл-парасатымен сый құрметке ие болған, жан-жағына билігі жүретін беделді азаматқа лайықты. Түріктер «жаным» деген сөзді жасы кішілерді еркелеткенде, құрбыларына, өзі жақсы көретін адамдарға, тіпті ерлер ерлерге де айта береді. Сонымен қатар «ики гөзүм», «кузум» деген сөздерді де жиі қолданады. Әке-шешесімен қоса атасы мен әжесі тұратын үлкен шаңырақ «хане» деп аталады. Дүниеге ұл баланың келуі түріктер үшін қуаныш, оны ұрпақ жалғастырушы деп аса құрметпен қарайды. Жаңа туған сәбиге әркім өз шамасына қарай той жасайды. Барлық мұсылмандар сияқты бала бес жастан асқанда міндетті түрде сүндетке отырғызу салты болады. Отбасы мүшелері үшін бұл ең маңызды күндердің бірі болып саналады. Осы қуанышқа орай сүннет дүүнү, яғни сүндетке отырғызу тойын жасап, үйлеріне ақ дастархан жайып, қонақ шақырады. Қазақ бауырлары сияқты түріктер де күрес өнерін жетік меңгерген ұлттардың бірі. Ұл баланы жастайынан күреске баулиды. Түріктер осы күрес балуандары арқылы әлемге танылып отыр. Қазақстан күрес құрамаларының арасынан да түрік балуандарын кездестіруге болады. Қазақтар сияқты түріктерде де құда түсу салты бар. Қыздың келісім беру, бермеуі жігіт үшін үлкен сынақ. Сол себепті жігіт қыздың ойын білу үшін алдын ала алма беріп жібереді. Қыз көнген болса, жауап ретінде өз орамалын салып жібереді. Алайда екі жастың қосылуы тікелей әкенің қолында. Ұлдың әкесі туыстары арасынан екі-үш сыйлы азаматты ертіп, қыздың әкесіне жолығып, дастарқан басында келген шаруасын айтады. Түріктер арасында қыз жағы іштей келіскенімен, әдеп сақтап, бірден келісе салмау салты бар. "Қызым тым жас" дегенді тілге тиек етеді. Жігіт жағы үшінші рет келгенде ғана өз келісімдерін беріп, батасын береді.